

А.Р. Турабаев,

ҚазГЗУ, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы
кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі

Автономия түсінігінің мәселелері

Автономия теориясын қарастыра келе ең алдымен, автономия сөзінің шығу тегіне және әдебиетімізде қалыптасқан анықтамаларға көңіл бөлейік. Автономия сөзі гректің **autos** - өзі және **nomos** - заң деген сөздерінен құралып, өзін-өзі басқару деген ұғым береді.

Автономия сөзі философиялық категория ретінде оған "жаңа философиялық сөздікте" - өз мазмұнында жеке тұлғаның әлеумет контексінен алшақтауы құбылысын белгілейтін әлеуметтану, әлеуметтік философия, тарих философиясы ұғымы [1, 16 б.] және саясаттану ғылымының категориясы ретінде "Қазақстан саясаттану энциклопедиясында" - өзін - өзі билеуші бірліктің өзі құрамына енетін мемлекет немесе ұйымның құқықтары мен өкілеттіктері шеңберінде, өз мәселелерін өзі шешуге мүмкіншіліктері бар, мемлекеттің аумағы мен ұйымының ерекше мәртебесі [2, 10 б.] деп анықтама береді.

Ал, "шетел сөздерінің сөздігінде" автономия деп - мемлекеттің белгілі - бір бөлігінің ішкі мәселелерді өзі шешу құқығы [3, 13 б.] деген түсіндірме берілген.

Автономия мәселесі қазіргі кезде де жеке тұлға, ұлт, мемлекет өмірінде

өз өзектілігі мен маңыздылығын жоғалтпай тұр.

Қағида ретінде автономия қажеттілігі теориялық деңгейде бірқатар неміс философтары еңбектерінде көрініс тауып, қызығушылық тудыруда.

18 ғасырдың ірі ойшылы И. Кант өз шығармаларында мемлекеттің ішкі және сыртқы құқықтары жайлы сөз қозғай келе, ішкі өмірде адамдардың сыртқы қатынастарын субъективті мақсаттарға тәуелді етпей, олар объективті заңдардан шығатынын, ал, қоғамдағы келісімді сыртқы заңдарға сүйенетін бұқаралық құқық арқылы жүргізу мүмкіндігін меңзейді. Сөйтіп, азаматтық жағдайды тек құқықтық жағдай ретінде қарастырып, ол мынау : 1) әрбір қоғам мүшесінің адам ретінде бостандығы; 2) адамның басқа адаммен бағыныштылар ретінде теңдігі; 3) әрбір қоғам мүшесінің азамат ретінде жеке даралығы қағидаларына сүйенетіндігін көрсетеді [4, 77-78 б.б.].

И. Кант мемлекеттің билік тармақтарының өзара қатынасын, олардың құзіреттіктерін сипаттай келіп, «таковы три различные власти, благодаря которым государство обладает автономией, т.е. само себя создает и поддерживает в соответствии с законами свободы. В объединении этих трех видов власти заключается благо государство" [4, 239 б.] деп тұжырымдайды.

Ойшылдың ұлт жайлы пікірлері де қызығушылық тудырмай қоймаса керек. Ол өз шығармаларында ұлттардың мінез құлықтары атты тарауында ұлттардың мінез-құлықтарын әрқайсының әзіне тән жоғары да пәк сезімдерін психологиялық деңгейде суреттеп, өзінің мойындауынша ол пікірлердің ақиқаттан алшақтығын айтады. Келесі бір жерінде халықтың мінез-құлқы жайлы, халық деп бір бүтінді құрайтын, белгілі-бір жерде жиналған адамдар, ал, ұлт деп шығу тарихы ортақ көпшілік немесе оның бір бөлігі ретінде жиналған адамдардың жиынтығы деп анықтама береді [5, 562-563 б.б.].

Әр ұлттың уақыт ағымымен әдет-ғұрыпқа, оның табиғатына, өзін-өзі қозғаушы күшке айналған қасиеттеріне баса назар аударып, әр ұлттың ерекшеліктеріне тоқталады.

Мысал ретінде ағылшын халқы жайлы, кельт халқынан шыққан брит тайпасының алғашқы тұрпатының өзіндік ерекшелігін белгілей келе, неміс және француздардың араласуы салдарынан тіліндегі өзгерістерді, халықтың географиялық орналасуының ұлттың мінез-құлқының қалыптасуындағы орнын ерекше көрсетеді.

Ойын тұйықтай келе халықтың алғашқы табиғатында мінез-құлықтың тіптен болмайтындығын және мінез-құлық халықтан бастау алатынын айтады [5, 566 б.].

И. Канттың автономия теориясының үлесіне тиетін жеке тұлға автономиясы жайлы ойлары да өте құнды.

Ерік автономиясын игіліктің жоғарғы қағидасы ретінде көрсетіп, автономия қағидасын адамның ішкі қозғаушы күштерін ерік мазмұнына жалпы заң ретінде енгізіп қарастырады [6, 283-284 б.б.].

Ал, ерік гетерономиясын игіліктің барлық жалған қағидаларының бастауы ретінде қарастырып, егер адам өз ішкі заңнамасында қажетті заңды таппай сырттан іздеуін гетерономия деп айырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Новейший философский словарь. Минск, 2001. - 1279 с.
2. Казахстанская политологическая энциклопедия. Алмата 1998.-447 с.
3. Словарь иностранных слов. Москва, 1987. - 624 с.
4. Кант И. "Сочинения". Т. 4. Часть 2. Москва, 1965. - 478 с.
5. Кант И. "Сочинения". Т. 6. Москва, 1966. - 743 с.
6. Кант И. "Сочинения". Т. 4. Часть 1. Москва, 1965. - 544 с.